

"Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 7 маусымдағы N 154/19-III "

Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне акциз ставкаларын және тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы Мәслихатының 2008 жылғы 28 наурыздағы N 62/10-IV шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 4 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 530 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 203 /31-IV Шешімімен.

Ескерту: Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 203/31- I V

Ш е ш і м і м е н .

Қолданушылардың назарына!!!

Шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 394-бабына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 7 маусымдағы N 154/19-III "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне акциз ставкаларын және тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 4 шілдеде 398 нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 7 шілдеде N 102 "Вечерняя Астана", 2005 жылғы 7 шілдеде N 91 "Астана хабары" газеттерінде жарияланған), Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 9 ақпандағы N 342/43-III "Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 7 маусымдағы N 154/19-III "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне акциз ставкаларын және тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 1 наурызда 463 нөмірмен тіркелген, 2007 жылғы 13 наурызда N 44-45 "Вечерняя Астана", 2007 жылғы 6 наурызда N 43-45 "Астана хабары" газеттерінде жарияланған), Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 24 мамырдағы N 383/47-III "Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 7 маусымдағы N 154/19-III "Кәсіпкерлік қызметтің жекелеген түрлеріне акциз ставкаларын және тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 26 маусымда 470 нөмірмен тіркелген, 2007 жылғы 3 шілдеде N 109 "Астана хабары", 2007 жылғы 6 шілдеде N 117 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1) тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын: "Тіркелген жиынтық салығының ставкаларын белгілеу туралы";

2) кіріспесі келесі редакцияда мазмұндалсын: "Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Кодексінің 394-бабына сәйкес";

3) 1 тармақ алынып тасталсын;

4) осы шешімге 1 қосымша алынып тасталсын;

5) осы шешімге 2 қосымшадағы 5, 6, 13 реттік нөмірлері бар жолдар алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

	А с т а н а	қ а л а с ы
мәслихатының сессия төрағасы	Ж. Нүркенов	
	А с т а н а	қ а л а с ы
мәслихатының хатшысы	В. Редкокашин	
	К Е Л І С І Л Д І :	
	С а л ы қ	к о м и т е т і н і ң
төрағасы	А. Еңсегенов	